



ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ
КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

2

ӘКІМ

БАСТЫ ҚҰЖАТ

Алматыда қалалық активпен конституциялық реформа талқыланды



Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен елімізде ауқымды конституциялық реформа жүргізіліп жатқанын атады. Жаңа Конституция жобасы егемендік пен тәуелсіздікті нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, ұлттық бірлікті дамытуға және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Алматы қаласының әкімі құжатта адами капиталды, білім беруді, ғылым мен инновацияны мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттары ретінде дамыту бекітілгенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, азаматтардың мемлекеттік басқаруға араласу мүмкіндігі кеңейтіліп, жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлі күшейтіледі, шешім қабылдау үдерісінің ашықтығы мен мемлекеттік органдардың жауапкершілігі артады.

Қалалық мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын қолдайтынын білдіріп, оның елдің одан әрі дамуы үшін маңызын жеткізді.

«Құжат азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар қатысқан ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі. Жаңа Конституция жобасы қоғамның саяси жүйені жаңартуға және мемлекет пен азаматтар алдындағы әділеттілік пен жауапкершілік қағидаттарын нығайтуға деген сұранысын көрсетеді», – деді Мейіржан Отыншиев.

Кездесу соңында Алматы қаласының әкімі жаңа Конституция жобасы бойынша түпкілікті шешім республикалық референдумда қабылданатынын айтып, конституциялық өзгерістердің негізгі ережелері мен мәнін халыққа түсіндіру бағытында барлық деңгейдегі атқарушы және өкілді органның үйлесімді жұмысының маңыздылығына назар аударды.

Әзірлеген
Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Алматы қаласының активімен өткен кездесуде қала әкімі Дархан Сатыбалды конституциялық реформаны іске асырудың негізгі басым бағыттарын айқындады. Іс-шараға мәслихат депутаттары, аудан әкімдері, басқарма басшылары және қалалық қызметтердің жетекшілері қатысты.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ

БАСПАНАҒА ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ...

Шаһардың әрбір алтыншы тұрғыны үй алуға ақша жинайды

Қаланың әрбір алтыншы тұрғыны үй алуға «Отбасы банкінің» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы ақша жинап жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Отбасы банкінің» Алматы қалалық бөлімшесі директорының орынбасары Кәмшат Оңалбаева осылай деді.



Нұржамал
Әліш



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Спикердің сөзіне сүйенсек, «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы саналатын «Отбасы банкінде» алматылықтар жалпы сомасы 410,4 млрд. теңге болатын 360 мың депозит ашқан. Банктің көмегімен 70 284 отбасы баспанаға қол жеткізді. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне деген қызығушылық артып келеді: кейінгі үш жылда жаңа депозит саны үш есе өсті. 2023 жылы 26,4 мың салым ашылса, алматылықтар былтыр рекорд жасап, 86,9 мың депозит рәсімдепті.

«Алматылықтар үй сатып алар кезде алдымен жинақтап алып, кейін барып сатып алатын болды. Бұл болашақтағы кредит жүктемесін азайтып, қарызды тиімді шартпен


алуға мүмкіндік береді. Былтыр банк 16 444 қолжетімді қарыз берді. Мұнда «Наурыз» бағдарламасы мен «Наурыз жұмыскер» жаңа бағыты маңызды рөл атқарды», – деп атап өтті К.Оңалбаева.

Былтыр берілген қарыздың жалпы сомасы 44,5 трлн. теңгені құрады. «Наурыз» бағдарламасы арқылы 2230 қала тұрғыны баспана сатып алса, «Наурыз жұмыскер» бағыты

арқылы 750 кәсіпорын қызметкері үй алған. Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске қосылған «Наурыз» бағдарламасы елімізде екі жылдан бері жұмыс істейді. Осы уақытта 15 мың адам қоныс тойын атап өтіп, көбі алғашқы пәтерін алған.

«Наурыз» бағдарламасы биыл да жалғасып, өтініш қабылдау жылдағыдай наурыз айында басталады.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ҚАЛАМ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан журналистерін
Ұлттық басылым күнімен құттықтады

Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары Әділетті Қазақстанды құруға және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға елеулі үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Президент мерзімді баспасөз өкілдерін конституциялық реформаны, сондай-ақ тұтас мемлекеттік жүйені түбегейлі жаңғыртуға бағытталған басқа да ауқымды өзгерістерді БАҚ-та жариялау кезінде конструктивті жұмыс істеуге үндеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтауында патриотизм ұғымына жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарап, заңды құрметтеу арқылы егемендігімізді және тәуелсіздігімізді қорғау ұлты мен дініне қарамастан әрбір отандасымыздың міндеті екенін айтты.

Мемлекет басшысы отандық журналистер осынау аса маңызды іске белсенді атсалысатынына сенім білдіріп, оларға толайым табыс пен бақ-береке тіледі.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.



ЖАҢА АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған

2026 жылы 31 қаңтарда Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды қарастыру және оларды ашық қоғамдық талқылау арқылы дайындалды. Оның қазіргі Конституциямен салыстырғанда, артықшылықтары көп.

Көлемі мен мазмұны айтарлықтай өзгерген

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум нәтижесінде қабылданған. Осы уақытқа дейін бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Ең көлемді өзгерістер 2007, 2011, 2022 жылдары жасалды.

Конституция пreamбула, 9 бөлім мен 99 баптан тұрады. Ал ұсынылған жаңа Ата заң жобасы пreamбула, 11 бөлім мен 95 баптан құралған. Бөлім саны артқанымен, бап саны азайған. Көлемі жағынан барынша ықшамдалған.

Мазмұнына келер болсақ, түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтіннің 84%-ын қамтиды. Мазмұндық өзгерістер қазақ тіліндегі нұсқасын да қамтыған. Бұл жоба қазіргі Конституциядағы тілдік кемшіліктерді ескергені көрініп тұр.

Ұсынылған құжатта пreamбула толық жаңарған. Қазіргі Конституциядағы мәтінмен салыстыра келе мынадай өзгерісті байқадық:

- Мемлекеттілік қалыптасқаны мойындалған. Жобада «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып» деп жазылған. Ал қолданыстағы Конституцияда «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» делінген. Мұндағы «нығайту» мен «құру» сөздері арасында айырмашылық бар.
- Тарихи-саяси сабақтастық шегеленді. Пreamбулада «Ұлы Дала» ұғымы енгізілген. Бұл мемлекеттіліктің мыңжылдық тарихы бар екенін аңғартады.
- Мемлекеттік құрылыс сипаты (унитарлы), ішкі және сыртқы қоғамдық-саяси қағидаттар мен құндылықтар айқындалған.
- Конституция атауының қазақша баламасы «Ата Заң» ұғымы бекітілген.

Құрылымына келер болсақ, құжатта мазмұндық өзгеріс жасалған. Төмендегі кестеде қазіргі Конституция мен жаңа Ата Заң жобасының құрылымы мен мазмұнын салыстырдық. «Жалпы ережелер» бөлімі құжатта «Конституциялық құрылыс негіздері», «Адам және азамат» бөлімі «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» деп өзгертілген. Парламент Құрылтайға айналған. Сондай-ақ, «Қазақстан Халық Кеңесі» мен «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» бөлімдері пайда болған.



(Дереккөз: Конституциялық Сот)

II	Адам және азамат (10–39 баптар)	Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер (12–41 баптар)
III	Президент (40–48 баптар)	Президент (42–51 баптар)
IV	Парламент (49–63 баптар)	Құрылтай (52–62 баптар)
V	Үкімет (64–70 баптар)	Үкімет (63–69 баптар)
VI	Конституциялық сот (71–74 баптар)	Қазақстан Халық Кеңесі (70–71 баптар)
VII	Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (75–84 баптар)	Конституциялық сот (72–75 баптар)
VIII	Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару (85–89 баптар)	Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері (76–86 баптар)
IX	Қорытынды және өтпелі ережелер (90–99 баптар)	Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару (87–91 баптар)
X		Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (92–93 баптар)
XI		Қорытынды және өтпелі ережелер (94–95 баптар)

Соңғы сөз – халықта...

Қолданыстағы Конституция мен жаңа Ата Заң жобасын салыстырар болсақ, ұсынылған құжатта конституциялық құрылыс негіздері айқындалғанын байқаймыз. Өзгеріс бірінші баптан-ақ көрінеді. Қазіргі Конституцияда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мем-

лекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп жазылса, жобада «Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – делінген. Яғни құжатта Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танытыны жазылған. Ал Конституцияда «орнықтыратынын», яғни алда жүзеге асатын үдеріс екені бекітілген.

Екіншіден, Қазақстан «унитарлы мемлекет» екені айқындалған. Ал Конституцияда «Біртұтас мемлекет» ұғымы қолданылады.

Үшіншіден, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі Қазақстан халқы екені нақтыланған. Конституцияда тек «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» делінген.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары енгізілген. Олар: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

Жалпы алғанда, жаңа Ата Заң жобасы Конституцияға айтарлықтай өзгеріс енгізген. Алайда, жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынын айта кеткен жөн. Соңғы сөз мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі Қазақстан халқында.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.





ЖОБА ҚОҒАМ ТАЛҚЫСЫНДА

Қоғамдық кеңес пен Мәслихат жаңа Конституция жобасын саралады

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі мен Мәслихатының бірлескен отырысында АҚР жаңа Конституциясының жобасы талқыланды. Жиын барысында Мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелері жақында жарияланған заң жобасына қатысты пікір алмасты. Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев жаңа Конституция жобасы азаматтардан, қоғамдық және кәсіби ұйымдардан, саяси партиялар мен сарапшылар қауымдастығынан түскен ұсыныстар негізінде әзірленгенін атап өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазіргі уақытта жаңа Конституция жобасына халықтың қызығушылығы жоғары. Оның сөзінше, бұл үрдісті әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы талқылаулардан айқын байқауға болады.

«Жаңа Конституция қоғамның қолдауын тауып отыр. Бұл жобаның негізгі мақсаты – «Мемлекет халық үшін» қағидатын жүзеге асыру. Яғни адам құқықтары мен бостандықтары басты орынға қойылады. Осы құжатты талқылау мақсатында Қоғамдық кеңес

мүшелері мен Мәслихат депутаттарымен бірге бас қостық. Конституциялық комиссия жұмысы ашық әрі жария форматта ұйымдастырылған. Комиссия отырысына еліміздің барлық өңірінен 130-ға жуық адам қатысып, түрлі сала өкілдері өз ұсыныстарын білдірді. Парламенттік реформа аясында бастапқыда Конституцияның 40-қа жуық бабына өзгеріс енгізу жоспарланған. Алайда, e-Otinish, eGov порталдары арқылы түскен өтініштер мен ұсыныстарды ескере отырып, Конституцияның 84 пайызына өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс түсті. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, егер нормативтік-құқықтық актінің 50 па-

йызынан астамы өзгерсе, ол жаңа редакцияда қабылдануы тиіс. Осыған байланысты Конституциялық комиссия жаңа Конституция жобасын әзірледі», – деді ол.

Жобада үш жаңа институт енгізілген. Біріншісі – Вице-президент институты. Ол Президенттің ұсынысы бойынша Құрылтайдың келісімімен тағайындалады және халықаралық қатынастарда, Үкіметпен және Құрылтаймен өзара байланыста Президенттің өкілі ретінде өкілеттігін жүзеге асырады. Сонымен қатар, Қазақстан Халық кеңесі құрылмақ. Бұл – жоғары консультативтік орган. Оның құрамына барлық өңірден Қазақстан азаматтары кіреді. Парламенттік реформа аясында бір палаталы парламент құру ұсынылуда. Құрылтай 145 депутаттан құралып, пропорционалды негізде, партиялық тізім арқылы сайланады. Заң жобалары үш оқылымнан өтеді. Бұл заң шығару сапасын арттырып, шешімдерді жедел әрі сапалы қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Құрылтайдың

мәртебесі кеңейтіліп, Вице-президентті, Конституциялық сот пен Орталық сайлау комиссиясының мүшелерін және өзге де мемлекеттік органдардың мүшелерін келісу туралы шешімін қабылдайды.

Мейіржан Отыншиевтің айтуынша, сөз бостандығы мен азаматтардың құқығы бірінші кезекке шығарылып отыр. Алайда, әр адамның еркіндігі басқа адамның құқығына нұқсан келтірмеуі тиіс. Осыған байланысты адвокатура институтына қатысты арнайы баптар енгізілген.

«Біздің міндетіміз – жаңа Конституция жобасын талқылап, ұсыныс ретінде енгізу ғана. Ал түпкілікті шешімді республикалық референдумда халық қабылдайды. Президенттің ұстанымы айқын: кез келген конституциялық өзгеріс жалпыхалықтық референдум арқылы қабылдануы керек. Конституция тағдырын Үкімет те, Парламент те, комиссия мүшелері де емес – тек халық шешеді», – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Анар ФАЗЫЛЖАН,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшысы:**

Қазақ тілі негізгі, түпнұсқа тіл ретінде орнығады

Тіл мен үшін өте маңызды. Сондықтан комиссия құрамында болған кезде ең алдымен Конституция мәтініне айрықша мән беруді өзіме парыз санадым. Жаңа Конституцияда мемлекеттік тілдің мәртебесі айқын әрі нақты бекітілді. Мысалы, Құрылтай төрағасы міндетті түрде мемлекеттік тілді жетік меңгеруі тиіс. Сондай-ақ, басқа да лауазымды тұлғалардың мемлекеттік тілді білуін талап ететін қағидаттар қарастырылған. Тағы бір маңызды норма – егер ресми құжат қазақ және орыс тілдерінде жасалып, олардың арасында қайшылық туындаса, заңдық тұрғыдан мемлекеттік тілдегі нұсқа басым деп танылады. Енді заңнамалық процесте қазақ тілі негізгі, түпнұсқа тіл ретінде орнығады.

Тағы бір маңызды тақырып – сөз бостандығы. Конституциялық комиссияда бұл мәселе бойынша да сөз алдым. Жаңа жобадағы 14 және 20-баптарда шығармашылық еркіндік пен сөз бостандығы туралы нақты айтылған. Бұл – аса қажет норма. Себебі, сөз бостандығы бар жерде ғана даму мен прогресс болады, қоғам өзін сын тұрғысынан бағалай алады. Алайда, соңғы уақытта «сөз бостандығы» деген ұғымды желеу етіп, өзгенің ар-намысына, қадір-қасиетіне тиетін әрекеттердің көбейіп кеткенін де көріп отырмыз. Әрқайсымыз мұндай жағдайларға куә болдық. Жалпы адамзаттық құқық жүйесінде мынадай қағидат бар: «Менің еркіндігім – өзгенің еркіндігі басталған жерде тоқтайды». Жаңа Конституцияда осы ұстаным нақты көрініс тапқан. Яғни еркіндік әрдайым жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Алматы қаласындағы жас сайлаушылар клубының мүшелерімен кездесті.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Наурызбай ауданындағы «Әлем» мектеп оқушыларының инновациялық шығармашылық орталығында өтті. Кездесу барысында жас сайлаушылар клубының қызметі, жастардың сайлау үдерістеріне қатысуы, сондай-ақ жастар бастамаларының сайлау тетіктерін түсіну мен уғынудағы маңызы талқыланды. Бұл іс-шара жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде аталып өтетін Дүниежүзілік сайлау күніне орай ұйымдастырылды.

– Біріккен Ұлттар ұйымы мойындаған 193 мемлекет бар және оның ішіне Қазақстан да кіреді. Осы үлкен халықаралық қоғамдастықтың бір бөлігі бола отырып, бізде де кез келген мемлекетте секілді өзіміздің сайлау жүйеміз бар. Сондықтан Дүниежүзілік сайлау күні – елімізде де атап өтіледі. Орталық сайлау комиссиясы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі комиссиялар – біріміз бірге осы мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар міндетті шешуді қамтамасыз етуге тырысамыз, – деді ол.

Кездесу барысында Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) жұмысына тоқталды. Оның айтуынша, төрағаны қосқанда ОСК-ның 7 мүшесі болады. Олардың үшеуін Президент, екеуін Сенат, тағы екеуін Мәжіліс тағайындайды. Өкілеттік мерзімі – 5 жыл. Ал жалпы ОСК аппаратының 37 мемлекеттік қызметшісі және инженерлік-техникалық орталығының 75 қызметкері бар. Ал ел бойынша 247 аумақтық сайлау комиссиясы бар. Олардың құрамында 1729 адам жұмыс істейді. Сондай-ақ, әртүрлі деңгейдегі сайлауларды ұйымдастыратын 13 мыңнан

ҮНСІЗ ҚАЛМА, ДАУЫС БЕР!

ОСК төрағасы Алматыда жас сайлаушылармен кездесу өткізді



астам комиссияның құрамында 85 716 комиссия мүшесі жұмыс істейді. Бірақ әртүрлі деңгейдегі комиссиялардың 85 мыңнан астам мүшесі – бұл сайлау комиссияларының кәсіби қызметкерлері емес. Олар науқан кезінде келіп жұмыс істейді.

– Сайлау науқандарының тарихына тоқталсақ, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері 4 республикалық референдум, 7 Президент сайлауы, 11 Сенат депутаттарын сайлау, 8 Мәжіліс депутаттарын сайлау, 8 мәслихат депутаттарын сайлау өтті. Ал 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлау және 2025 жылдан бастап барлық аудандар мен облыстық қалалардың әкімдерін сайлау өтіп келеді, – деді ол.

Нұрлан Әбдіров мәслихат депутаттығына 20 жас-тан асқан, Мәжіліс депутаттығы мен ауыл әкімі лауазы-



мына 25-тен асқан, Сенат депутаттығына 30 жастан асқан, ҚР Президентігіне 40 жастан асқан ел азаматтары сайлауға түсе алатынын атап өтті. Айтуынша, ел ішіндегі ең жас ауыл әкімі Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Ертіс ауылында сайланған. Оның жасы – 26-да. Ал ең жас мәслихат депутаты Қостанай облысы, Қамысты ауданында 23 жасында сайланған. Ең жас мәслихат депутатының жасы – 28-де.

Сонымен қатар, Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясы Оңтүстік Корея, Ресей, Түркия, Әзербайжан, Мажарстан сынды 14 мемлекетпен ынтымақтастық туралы меморандум жасалғанын айтты. ОСК төрағасының баяндамасынан кейін жас сайлаушылар клубының мүшелері оған сұрақ қойып, қызықтырған сауалдарына жауап алды.



АЛМАТЫНЫҢ АЙЫМДАРЫ

ЖОЛДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық көлік тізгіндеген батыл әйелдердің еңбегі бағалануы тиіс



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақпал ҚОЖАМСЕЙІТОВА,
№9 троллейбус жүргізушісі,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:



ТРОЛЛЕЙБУС ЖҮРГІЗУ – ЖҮРЕГІМНІҢ ҚАЛАУЫ

13 жылдан бері троллейбус тізгіндеп, алматылықтарды дiттеген жеріне жеткізіп жүрмін. Бүгінде «АлматыЭлектроТранс» ЖШС-на қарасты №9 троллейбуста еңбек етемін. Бұл бағыт «Көк базар» мен «Мега» сауда орталығы аралығын жалғайды. Студент кезімде №4 трамвай-мен жиі жүретінмін. Сол кезде трамвай тізгіндеген қыздарды көріп, ерекше қызығатынмын. Тіпті, жүргізушінің жанына барып, жұмысын бақылап тұратынмын. Алматының қарбалас өмірі мені бұл мамандықтан шошытқан жоқ. Керісінше, қаланың ырғағы шыңдап, жауапкершілікті сезінуге үйретті. Бұл мамандықта дайындықсыз жұмыс істеу мүмкін емес.

2012 жылы арнайы курсқа барып, үш ай оқыдық. Кейін категория алып, троллейбус жүргізуге рұқсат берілді. Одан соң бір ай теориялық білім алдық, тағы бір ай тәжірибелі жүргізушінің жанында жүріп, іс жүзінде үйрендік. Қысқасы, шамамен алты ай бойы түрлі қиындық-ты еңсеріп, шыңдалдық. Бұл кезеңде төзім мен шыдамдылық аса қажет болды.

Жанат есімді тәжірибелі жүргізушінің жанында жүріп, алғашқы маршрутқа шықтым. Қатты толқыдым, бірақ жауапкершілікті терең сезіндім. 2012–2015 жылдары №1 маршрутта жұмыс істедім. 2017 жылдан бері №9 маршрутты тізгіндеп келемін. 2021 жылы декреттік демалысқа шығып, екі жылдан кейін қайтадан осы салаға оралдым. Қазір жол қозғалысында аса күрделі тұстар жоқ деуге болады. Арнайы автобус пен троллейбус жолақтары салынды. Соның арқасында кептеліс азайды. Халыққа айтарым, жеңіл көлікпен сағаттап кептелісте тұрғаннан гөрі қоғамдық көлікпен жүрген тиімді. 120 теңгемен барып, 120 теңгемен қайтуға болады. Қыста бұрынғыдай қиындық жоқ, қар жауа сала көшелер тазаланады. Ал жазда кондиционер орнатылған, аптапта жұмыс істеу жеңілдеді. Таңертең адамдар жұмысқа асығады, кешке шаршап қайтады. Сол кезде жолаушының көңіл күйін сезіп, сабырмен жауап беру керек. Сан түрлі мінездегі адаммен кездесеміз. 2015 жылы Құрбан айт кезінде бір жолаушы троллейбусқа қой тиіп мінгені бар. Бұл, әрине, өзге жолаушылардың ашуын туғызды. Бірақ әлеуметтік осал топтағы жан екенін іштей сезген мен оны еш кикілжіңсіз керек жеріне жеткіздім. Жолақысын төлемейтіндер де, қауіпсіздік ережесін сақтауға шақырғанда себепсіз ашуланатындар да кездеседі. Бірақ жолақы мәселесіне біз жауап бермейміз, онымен айналысатын басқа мекемелер бар. Көбі жылы лебізін білдіреді. «Қыз балаға қиын емес пе?» деп сұрайтындар бар. Жолдасым да троллейбус жүргізеді, екеуіміз кезектесіп жұмыс істейміз. Таңғы сағат 04.00-де тұрып, түнгі 11-12-де үйге келетін күндер болады. Тәулігіне 15–17 сағат жұмыс істейміз. Қозғалыс аз болғандықтан, арқа мен қол ауырады. Сол үшін уақыт тауып, спортпен шұғылдануға тырысамыз. Жалақы жұмыс істеген сағатқа қарай төленеді. Мәселен, 15-16 күн жұмыс істесең, 500 мың теңгеден асады. Ер-азаматтар 700 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін алады. Қымбатшылық бар, несие де жетеді, бірақ «барына шүкір» деп өмір сүріп келеміз.

Былтыр 3 наурызда Президент қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым. Бұл – біз сияқты жұмысшы маман иелеріне көрсетілген үлкен құрмет. Енді «АлматыЭлектроТранс» ЖШС-на қарасты жүргізушілерді мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысатын арнайы санатқа енгізсе деймін. Көпбалалы отбасылар пәтерден-пәтерге көшіп жүреді, бұл жүрекке ауыр тиеді.

Қоғамдық көлік жүргізу – үлкен жауапкершілік. Күн сайын жүздеген адамның тағдырын арқалап жүресің. Сондықтан шыдамдылық пен сабыр аса маңызды. Екіншіден, халықпен дұрыс сөйлесе білу қажет. Эмоцияға берілмей, байыппен жауап қайтару – кәсібиліктің белгісі. Үшіншіден, қауіпсіздік пен тәртіпті қатаң сақтау керек. Төртіншіден, 18 жастан асқан қыздар міндетті түрде арнайы оқудан өтуі тиіс. Жеке пікірім ретінде айтарым, мүмкіндігі болса, қыз баланың білім алып, жан-жақты ізденіп, жеңілірек мамандық таңдағаны дұрыс. Себебі, бұл жұмыс физикалық әрі психологиялық тұрғыдан ауыр. Бірақ жүрек қалауымен, жауапкершілікті сезініп келсе, бұл салада да абыроймен еңбек етуге болады. Троллейбус жүргізу – жүрегімнің қалауы. Өзімді басқа мамандықта елестете алмаймын. Қиындығы болса да, еш өкінішім жоқ. Әрі қарай да елімнің өсіп-өркендеуі жолында халқыма адал қызмет ете беремін.

Алматының таңғы тіршілігі әдеттегідей қарбалас. Асығыс жолаушылар, аялдамада тізілген адамдар, қозғалысқа толы көшелер. Осындай күнделікті көріністің бір бөлшегіне айналса да, көп жағдайда назардан тыс қалатын ерекше жандар бар. Олар – қоғамдық көлік тізгінін нық ұстап, мыңдаған адамның амандығына жауап беріп отырған әйел жүргізушілер.

**Дана
САДЫРҚАН**

ҚАЙСАР АРУЛАР ЖОЛДАН ҚАЙМЫҚПАЙДЫ

Көпшілік үшін автобус пен троллейбус жүргізу әлі де «ер-азаматқа тән кәсіп» болып көрінуі мүмкін. Алайда, Алматыда бұл түсінікті баяғыда-ақ бұзған нәзік жандылар аз емес. Олар таң атпай рейске шығып, қаланың бір шетінен екінші шетіне дейінгі жолды еңсереді. Темір тұлпардың ролінде отырып, тек көлікті емес, жауапкершілікті, сабыр мен тәртіпті қатар алып жүреді.

Кейінгі жылдары Алматы әкімдігі мен көлік кәсіпорындары әйел жүргізушілерді даярлауға, қолдауға ерекше көңіл бөліп келеді. Бұл – еңбек нарығындағы тең мүмкіндіктің ғана емес, қоғамдағы көзқарастың өзгеріп келе жатқанының айқын белгісі. Қазір қоғамдық көлік тізгіндеген қыз-келіншектерді көргенде таңқалмаймыз, керісінше, құрметпен қараймыз.



12 жыл бойы троллейбус жүргізіп келе жатқан екі баланың анасы **Мөлдір Баймырзаеваның** бұл мамандыққа келуіне халыққа пайда тигізу ниеті себеп болыпты. Бала күнгі арманы басқа болса да, уақыт өте келе өз ісінің маңызын түсінген.

– Арнайы оқу курсы-

нан, қауіпсіздік ережелері және жолаушылармен қарым-қатынас бойынша дайындықтан өттік. Жүргізуші куәлігім бар. Алғашында қо-

балжу болды, бірақ тәжірибелі әріптестерім қолдау көрсетті. Әрине, бұл кәсіп оңай емес. Қыста жол тайғақ, жазда ыстық болады, бірақ уақыт өте келе үйреніп кетесің. Адамдар көбінесе жақсы қарайды, көпшілігі мәдениетті, сыпайы. Кейде тәртіп бұзатындар да кездеседі. Алғашында күмәнданатындар болғанымен, қауіпсіз жүргізгенімді көрген соң қоғамның сенімі де күшейе түскендей. Бірде жолаушының жағдайы нашарлап, жедел жәрдем шақыруға көмектестім. Сол сәт ерекше есімде қалыпты. Жалақы орташа, бірақ тұрақты, мемлекет тарапынан әлеуметтік жеңілдіктер бар. Жаңа автобустар, электробустар жұмысымызды жеңілдетті.

КЕРЕК ДЕРЕК

**Бүгінде
Алматыда троллейбус жүргізушілері
қатарында 70 әйел бар.
Сонымен қатар кәсіпорынның басқа бөлімдерінде (ТП)
33 қызметкер жұмыс
істейді.**

Жанұямның қолдауының арқасында бәріне үлгеремін. Бастысы – қорықпай, өзіңе сене білу керек. Өйткені, бұл – жауапты әрі абыройлы мамандық, – дейді Мөлдір Баймырзаева.

Әйел жүргізушінің басты ерекшелігі – ұқыптылық пен байыптылық. Қаланың қарбалас қозғалысында асығыс шешім қабылдамай, әр жолаушының қауіпсіздігін бірінші орынға қояды. Балалы ананың да, қарт кісінің де, студенттің де жолы – оларға аманат. Сондықтан болар, жолаушылар арасында «әйел жүргізуші болса, жол тыныш» деген пікір жиі айтылады. Бұл мамандықта нәзік жандылар тек кәсіби шеберлігімен емес, адамгершілік қасиетімен де дараланады. Кейде олар жолаушының көңіл күйін бір ауыз жылы сөзбен көтеріп, жүрекке жылу ұялатады. Қоғамдық көліктегі қарапайым мейірбандық қаланың қатқыл ырғағына жылылық қосады.

Алматы көшелерінде күн сайын жүздеген әйел жүргізуші өз міндетін абыроймен атқарып жүр. Нәзік бола тұра, мықты, сабырлы бола тұра, батыл. Соның арқасында мегаполис мәдениеті де, қоғамдық көлікке деген сенім де беки түсуде.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

таңбалануы мен пайдалану құжаттама-сының дұрыстығы да тексеріледі. Таң-балауда өндіруші туралы мәліметтер, шыққан елі, қызмет ету немесе жа-рамдылық мерзімі көрсетіліп, ол мем-лекеттік және орыс тілінде жазылуы тиіс.

Иә, департамент міндеті – құжаттар-ды жәй тексере салмай, нарықта саты-лып жатқан өнімнің адам үшін шыны-мен қауіпсіз екеніне көз жеткізу. Сатып алушы тауарды кім өндіргенін, қайдан келгенін, қауіпсіз бе, жоқ па, соны білуі тиіс. Бұл әр тұтынушының құқығы.

Брифингте «ҚазСтандарт» РМК-ның Алматы мен Алматы облысы бойынша филиалының жұмысы да қорытынды-лады. Бөлімше директоры Руслан Бек-қожин өлшемдердің дәлдігі абстрактілі ғылым емес, саудада, медицинада, өнеркәсіп пен өңірдің әр тұрғынының күнделікті өміріндегі сенімнің негізі екенін атап өтті.

Сондай-ақ, филиалда түзу сызықты-

СПИКЕР СӨЗ АЛДЫ

Дәурен СӘРСЕНБАЕВ,
ҚР Сауда және интеграция
министрлігі
Техникалық реттеу
және метрология
комитеті Алматы
қаласы бойынша
департаментінің директоры:



МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫ

Департаментке келіп түсетін сауалдардың басым бөлігі метро-логия мен өлшеу дәлдігін бақылау-ға байланысты. Негізі барлық өл-шеу құралы, соның ішінде электр энергиясы, су және газ есептегіш-тері айналымға шығар кезде, қол-данар алдында «Өлшеу құралда-рының мемлекеттік тізіліміне» енгізілуі тиіс. Бұл тізілімді Қазақстан стандарттау және метрология ин-ституты жүргізеді. Тексеру мерзімділігі құралдың түріне бай-ланысты. Суық және ыстық су есептегішін соңғы тексерген күннен бастап 5 жылда бір тексереді. Ал электр энергиясын есепке алатын барлық құралдікі – 8 жыл. Тұрмыс-тық газ есептегішінің де тексеруара-лық интервалы 5 жыл болып белгі-ленген.

Есептегіштердің дәлдігі төлем түбіртектеріндегі сомаларға тікелей әсер етеді. Егер есепке алу құралы уақытында тексеруден өтпесе, тұты-нушы өзі байқамай артық төлеуі мүмкін. Сондықтан департамент өкілдерінің тексеру мерзімін қада-ғалап, осы талаптың сақталуын та-лап етуі заңды.

дар өткізіп, заңнама талаптарын түсіндірді. 120-дан астам маман оқы-тылды. Сондай-ақ, төрт сараптамалық және сынақ зертханасында өлшем-дердің жай-күйі тексерілді. Ал биыл филиал кемінде 80 маманды оқытып, жоғары оқу орындарымен ынтымақ-тастықты күшейтіп, кемінде 30 сту-дентті тәжірибеден өткізу сияқты біраз шаруаны жоспарлап отыр.

Қорыта айтқанда, метрология көбіне көзге көріне бермейді, бірақ дәл өлше-ген әр заттың артында солардың жұмы-сы тұр. Мемлекеттік эталондар – сенімнің іргетасы. Онсыз экономиканың дамуы да, қарапайым адамдардың мүддесін қорғау да мүмкін емес.

САПА САҚТАЛМАСА, СЕНІМ СӨГІЛЕДІ

Техникалық реттеу мен тұтынушы қауіпсіздігі маңызды

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метро-логия комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің былтырғы атқар-ған жұмысы қорытындыланды.



Нұржамал ӘЛІШ

Департамент басшысы Дәурен Сәр-сенбаев техникалық реттеу, бағалы металдар айналымы мен метрология саласындағы мемлекеттік бақылаудың нәтижесі туралы баяндап, бұл жұмыс-тың тұтынушылардың қауіпсіздігі мен құқығына қалай әсер ететіні жөнінде тарқатып айтып берді.

Аталған департамент техникалық регламенттер талаптарының сақталуы-на қатысты әртүрлі салада жыл бойы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізді. Тексеру жұмысы құрылыс ма-териалдарын, халық тұтынатын тауар-ларды, өнеркәсіптік өнімдерді, авто-көлік құралдарын, мұнай өнімдерін,

мотор майлары мен мобильді құрылғы-ларды ғана емес, басқа да көптеген ба-ғытты қамтыды. Департаменттің жауап-кершілік аймағына теміржол саласы, автомобиль жолы, төмен кернеулі электротехникалық жабдық, пиротех-никалық бұйым, ауыл шаруашылығы техникасы, тыңайтқыштар, аттракцион, балалар ойын алаңы, лифті, машиналар мен жабдықтары, әртүрлі жанармай түрлері, арнаулы сұйықтықтар мен май-лар кіреді.

Тексеру барысында өнімнің қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті баға-лау құжаттары – сертификаттар мен декларациялардың болуына назар ау-дарады. Сонымен қатар, ҚР «Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар» техни-калық регламентіне сәйкес тауардың

лық пен жазықтықтан ауытқуларды өл-шеуге арналған ұзындық бірлігінің мемлекеттік эталоны сақталады. Ол беттердің тегістігін микронның үлес бөліктеріне дейінгі дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай дәлдік маши-на жасау, оптика және жоғары дәлдікті жабдықтар өндірісінде қажет. Бұдан бөлек, 0,1-ден 200 миллиметрге дейінгі диапазонда ұзындық бірлігінің мемлекеттік екінші эталоны қолданыла-ды, ол станоктарды баптауға арналған ұзындықтың шекті өлшемдерін калибр-леу үшін пайдаланылады. Сонымен қа-тар, температура, қысым эталондары және өзге де прецизионды жабдықтар бар.

2025 жылы бөлімше барлық 14 эта-лонның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, өлшемдердің бес түрі бойынша бес лабораторияаралық салыстыруға қа-тысты. Бұл жабдықтардың әлемдік дең-гейге сәйкестігін растады.

Былыр филиал мамандары өңір-дегі 50-ден астам кәсіпорынға барып, қызметтер бойынша таныстырылым-

БІЗДІҢ САУАЛНАМА

Қаланың экологиялық ахуалына зиян келтіріп отырған кәсіпорындарға бақылау жеткілікті ме?



Ажар САҒАНДЫҚОВА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты:

Нақтырақ айтатын болсам, Қа-зақстанның ірі қалаларында эколо-гиялық ахуал мен ауаға зиян келтіріп отырған ірі кәсіпорындарға бақылау әлі де жеткіліксіз. Оған түрлі ахуалдар әсер етуі мүмкін. Біріншіден, Алматы, Астана, Өскемен, Теміртау, Қарағанды, Шымкент сынды ірі қалаларда ауаның ластануы жиі тіркелетіні рас.

Бұл қалаларда өнеркәсіп орындары, жылу электр станциялары, тау-кен және металлургия кәсіпорындары көп орналасқан. Ресми түрде экологиялық бақылау бар болғанымен, іс жүзінде кей кәсіпорындар қазірдің өзінде ескірген көне технологиялар негізінде жұмыс істеп келе жатыр. Мұны өз басым өндіріс ошақтары мен жылу беру станцияларына барған кездерде байқап жүрмін. Әрине, ескірген өндірістің технологиядан түрлі ақаулар да табы-латыны шындық. Екінші, кәсіпорын тарапынан да жергілікті әкімшілік тарапынан да зиянды қалдықтарды азайтудың алдын алуға жеткілікті қаржы бөлінбейді.

Әрине, мемлекеттік комиссия құрылып, түрлі тексеру жүргізіліп жатыр. Салдары анықталған жағдайда ірі кө-лемде айыппұлдар да салынады. Жасыратыны жоқ, біз-дегі кейбір осындай ірі кәсіпорындар түгел технологияны жаңғыртудың орынына айыппұл төлеп мәселеден құты-лып кетеді. Міне, бұл бақылаудан гөрі мемлекеттік тұр-ғыдан экологиялық заңға өзгерту енгізуді талап ететін жағдай.



Серік ӘДІЛБАЕВ,
Алматы қаласы
Экология және қоршаған орта
басқармасының
басшысы:

Алматы қаласында экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында белгілі бір бақылау жүйесі жұмыс істейді, алайда оны толық жеткілікті деп айту қиын. I және II санаттағы кәсіпорындар эмиссияларға рұқсат алып, III санаттағы кәсіпорындар экологиялық сараптама қорытындысын алу арқылы белгіленген нормативтер негізінде жұмыс істеуге міндетті. Ал IV санаттағы нысандардың қызметі барлық рұқсат алу процестерінен босатылып, жүйелі бақылаудан тыс қалды.

Ауа сапасына әсер тек ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар-дан ғана емес, сонымен қатар шағын қазандықтардан, көмір жағатын қоғамдық тамақтану нысандарынан, ав-токөліктерден және жеке сектордағы жылыту жүйелері-нен де туындайды. Осыған байланысты қазіргі негізгі міндет – тек бақылауды күшейту емес, сонымен қатар кәсіпорындарды экологиялық жаңғыртуға ынталандыру, заманауи сүзгі және тазарту жүйелерін енгізу, газға көшу процесін жеделдету және шығарындыларды автоматты түрде бақылау жүйелерін кеңінен енгізу. Қорыта айтқан-да, бақылау тетіктері бар болғанымен, қаланың эколо-гиялық жағдайын тұрақты түрде жақсарту үшін бақылау механизмдерін жетілдірумен қатар, барлық ластаушы көздерге кешенді әрі жүйелі түрде ықпал ету қажет.



Азаматхан ӘМІРТАЙ,
«Баутақ» жасылдар
партиясының төрағасы:

Алматы қаласында мәселе өте күрделі. Себебі, қала екі жағынан таумен қоршалған, яғни жел еркін өтіп кете алмайды. Соның салдары-нан ауа тазармай, экологиялық жағ-дай қиындап отыр. Қаланың экология-лық ахуалына зиян келтіріп отырған кәсіпорындарға бақылау жеткілікті деуге келмейді. Тексерулер көбіне формалды сипатта өтеді, ал нақты ластаушыларға қатыс-ты ашық әрі қатаң талаптар жоқ. Экологияға зиян келтіріп отырған кәсіпорындар үшін қоғамдық бақылау күшейіп, сүзгі жүйелерін міндеттеу және нақты жауапкершілік тетіктері енгізілгенде ғана нәтиже болады.

Негізінде Алматы қаласының ауасын ластап отырған ең негізгі фактор – автокөліктер, олардың үлесі шамамен 90 пайыз. Ескі автокөліктердің қалаға кіруін шектеу кер-рек, қоғамдық көлікті көбейтіп, LRT сияқты жобаларды күшейту қажет, сонымен қатар кәсіпорындарды бақылау-ды да күшейткен жөн.

Сонымен қатар, қала тұрғындарының экологиялық мәдениетін қалыптастыру да маңызды рөл атқарады. Әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға үлес қосып, қоғамдық көлікті жиі пайдаланып, экологиялық бастама-ларды қолдауы қажет. Тек билік пен қоғам бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана Алматының экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік болады.

Әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Қалада тұратын
жастардың саны712 мыңнан
астам35 жоғары оқу орны
жұмыс істейді«Жемқорлыққа қарсы
еріктілер» жобасы аясында
үнемделген қаражат

T2,5 млрд

Қоғамдық бақылау мен сыбайлас
жемқорлықтың алдын алу жұмысына
тартылған адамдар саны300-ден
астамХалықаралық еріктілер жылы аясында
Алматыда 8 негізгі бағыт бойынша
жоспарланған іс-шаралар200-ден
астам

2000

2025 жылы
астам қалалық іс-шараға
қолдау көрсеткенЖемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру,
цифрлық және қаржылық сауаттылықты арттыру,
сондай-ақ киберволонтерлік бағыттарын
дамытуға жұмылдырылған адамдар саны3000
астамОлардың
қатысуымен заңсыз
контенті бар737 интернет-ресурс
анықталып,
бұғатталды

Коллаж жасаған Нұрболсын ӨРІСҮЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы
Жастар саясаты
басқармасының
басшысы:ЖҮЙЕЛІ БАСТАМАЛАР
ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

2026 жылдың Халықаралық еріктілер жылы ретінде танылуы – символдық қадам емес, бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан дәйекті әрі жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бұл еш нәрсеге бей-жай қарамайтын белсенді азаматтардың ортақ жетістігі.

Жыл бойы Алматыда «100 игі кездесу» жобасы, Birgemiz Inclusion инклюзивті бағдарламасы, «Ұрпақтар диалогы – Алматы» тәлімгерлік бастамасы, жануарларды қорғау, мәдениет, қалалық хакатондар, муралдар мен подкасттар саласындағы жобалар жүзеге асады.

Бұлардың барлығы еріктілікті кемел адам болудың, жастарды қаланың дамуына қатыстырудың нақты құралына айналдыратын тұрақты жүйе қалыптастыруға бағытталған.

2026 жылы Алматы жастарды еріктілік қызметке тартудың осы заманғы цифрлық тәсілдеріне де жүгіне бастайды. Яғни геймификация элементтері қолданысқа еніп, еріктілер цифрлық есепке алынады.

Біздің басты міндетіміз – еріктілікті бір реттік акция қылмай, жастарды дамытатын, оларды қала өміріне кіріктіретін бастамаға айналдыру.

лыс алдағы уақытта кибералаяқтықтың алдын алу жұмыстарын күшейтуді жоспарлап отыр. Кездесулер тек оқу орындарында ғана емес, сондай-ақ еңбек ұжымдарында және қала тұрғындары арасында Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп өткізілетін болады.

ЖАСТАР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Еріктілердің қоғамдық бақылауы арқылы
қала бюджеті миллиардтаған қаржы үнемдеді

Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Осы орайда Алматыда еріктілер мен жастар қозғалысын дамытудың негізгі бағыттарын таныстырды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек жан-жақты айтып берді.

Алматы – Қазақстандағы жастары ең көп қала болғандықтан, елдегі еріктілер қозғалысын дамытуда ерекше орын алады. Қалада қазір 712 мыңнан астам жас тұрады, 35 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Осы жақында Алматы Қазақстан мен түркі әлеміндегі жастардың астанасы мәртебесіне ие болды.

Халықаралық еріктілер жылы аясында Алматыда сегіз негізгі бағыт бойынша 200-ден астам іс-шара өткізу жоспарланған.

Алматыда «Жемқорлыққа қарсы еріктілер» жобасы аясында 2,5 млрд. теңгедей бюджет қаражаты үнемделді. Қо-

ғамдық бақылау мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмысына 300-ден астам адам тартылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Әділет жастар одағы» жастар антикоррупциялық қозғалысының жетекшісі Ерболат Тұрлан осылай деді.

Жоба 2025 жылы Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырылды. Оның негізгі мақсаты – жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жастардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттырып, азаматтық белсенділікті дамыту.

Жыл бойы жобаға қаланың барлық ауданын қамтыған 300-ден астам ерікті қатысты. Алматы тұрғындары үшін еріктілердің, кәсіби заңгерлер мен құқық қорғау органдары өкілдері қатысқан 20-дан астам көшпелі кеңес өтті.

Қоғамдық бақылауға ерекше назар аударылды. Еріктілер жол жөндеу жұмысының сапасын, балалар мен спорт алаңдарының жағдайын, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктердің тазалығын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың жекелеген рәсімдері мен көлік инфрақұрылымы нысандарын тексерді. Он бақылаудың қорытындысы бойынша анықталған фактілермен материалдар Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментіне жолданды.

Қазақстанда 2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту жылы болып жариялануына байланысты, қозға-

ТӘРТІП ПЕН ТӘРБИЕ

Алатау ауданында әкелер бас қосқан
форум ұйымдастырылды

Ашық әрі конструктивті диалогқа прокуратура өкілдері, ювеналдық полиция, қорғаныс органдары, сондай-ақ шақырылған сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Спикерлер отбасылық құндылықтардың маңызына, өскелең ұрпақтың болашағы үшін жауапкершілікке және балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыруда мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысына ерекше назар аударды.

Алатау ауданының прокуроры Қуаныш Әбілмәжинова форумның негізгі мақсаты, ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру және кәмелетке толмағандар арасындағы қыл-

мыс пен девиантты мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған ортақ тәсілдерді әзірлеу екенін атап өтті.

Оның айтуынша, балалардың қатысуымен жасалатын құқық бұзушылықтардың көпшілігі балалардың қараусыз қалуынан, ата-аналардың тәрбиелік ықпалының әлсіреуінен орын алады. Сондықтан Форумда әкенің баланың тұлға болып қалыптасуындағы, оның заңға құрметпен қарауын тәрбиелеудегі рөліне ерекше мән берілді. Сонымен қатар, отбасындағы тәрбие арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасы, мектеп және мемлекеттік органдардың бірлесіп

жұмыс істеуі, жасөспірімдер арасындағы буллинг, зорлық-зомбылық пен қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу мәселелері кеңінен талқыланды.

«Әкелер форумы бірнеше жылдан бері өткізіліп келеді және ол маңызды әлеуметтік мәселелерді талқылайтын тиімді алаңға айналды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2024-2025 жылдары Алатау ауданы бойынша балалар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 24-тен 17-ге дейін азайды», – деді прокурор.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алатау ауданында қоғамдағы ең белсенді 250-ге жуық Аер-азаматтың басын қосқан Әкелер форумы өтті. «Нүркент» ықшамауданындағы Инновациялық шығармашылық орталығында ұйымдастырылған жиын «Заң және тәртіп» идеологиялық платформасы аясында өткізілді. Форум барысында қатысушылар әкенің отбасындағы рөлі, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерін талқылады.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қоғамдағы отбасылық құндылықтар мен адам құқығы – кез келген өркениетті елдің әлеуметтік тірегі. Әйелдің еркіндігі мен ар-намысы қорғалмайынша, демографиялық даму мен гендерлік саясат туралы айту мүмкін емес. Қыз алып қашу – дәстүрдің жұрнағы емес, жеке адамға қарсы жасалатын қылмыс. Ол бір ғана қыздың емес, бүтін бір отбасының тағдырын талқандайды, ананың көз жасына, әкенің үмітіне балта шабады. Заң бұл әрекетке нақты жауап берді. Енді қоғамның өзі де үнсіз қалмауы тиіс.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Соңғы кезде әлеуметтік желілерде қыз алып қашуға қатысты жаға ұстар жаңалықтарды естімеген жан жоқ шығар. Бірі қашып құтылып жатыр, бірі қорлыққа көніп отыр, енді бірі өмірімен қош айтысуда. Қыз тағдырын бір сәттік құмарлыққа, «ел не дейді» деген жалған намысқа айырбастау – қоғам үшін кешірілмес қателік. Былтыр Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабы енгізілген еді. Яғни енді қызды күштеп әкету – ресми түрде қылмыс. Бұл баптың да қалай енгізілгені есте болар, бірнеше жыл бұрын Алматыда қызды күштеп алып қашу әрекеті қайғылы жағдаймен аяқталған еді. Қуғынға түскен көлік жол апатына ұшырап, бойжеткен оқиға орнында көз жұмды. Бұл қоғамды дүр сілкіндірген оқиға еді. Сол кезеңде Парламент қабырғасында дәл осы мәселе бойынша заңнамалық өзгерістер талқыланып жатқан болатын. Нәтижесінде Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» деген жеке бап енгізілді. Соған қарамастан, бұл қылмыстың әлі де тыйылмай отырғаны алаңдатады. Прокуратура дерегіне, соңғы 5 жылда қыз алып қашу дерегі бойынша 257 қылмыстық іс тіркелген.

Қоғамда заң бар екенін біле тұра, кейбір азаматтар не оны елемейді, не жауапкершіліктен қорықпайды. Ал бір сәттік «батылдыңтың» соңы қайғыға, қасіретке, адам тағдырының күл-талқан болуына әкеліп соғып жатыр. Соған қарамастан, қоғамның бір бөлігі әлі күнге дейін бұл әрекетті «дәстүр» деп ақтауға тырысады.



ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ

Зорлықпен басталған неке бақыт әкелмейді

Ал шын мәнінде, қазақтың шынайы салтында қызды зорлықпен әкету болған емес. Қызды төрге отырғызып, сөзін жерге тастамаған елдің ұрпағы бүгін қалайша арды аяққа таптап отыр?

Қыз алып қашу – бір ғана адамның емес, тұтас бір отбасының тағдырына балта шабу. Бір сәтте бір қыздың арманы күйрейді, бір ананың жүрегі қан жылайды, бір әкенің үміті өшеді. Ал қоғам «ұят болады», «елден қаламыз» деген желеумен жәбірленушіні емес, қылмыскерді қорғап шыға келеді.

Мемлекет басшысы
Ұлттық құрылтайда бұл мәселеге ашық тоқталды. Нұрай Серікбайдың кісі қолынан қаза табуына байланысты пікір білдірген Мемлекет басшысы: «Қызды алып қашу, адам ұрлау деген сөз – ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Мұндай қатыгездікке ешқашан жол беруге болмайды», – деді. Президент Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға істі жан-жақты тергеуді тапсырды. Бұл – мемлекет тарапынан жасалған соңғы ескерту.

Осылайша қылмыстың үстіне тағы қылмыс жасалады. Қанша заң қабылданса да, егер қоғам қылмысты қылмыс деп қабылдамаса, нәтиже болмайды.

Әр ата-ана ұлына «қызды зорлықпен әкету – ерлік емес, қылмыс» екенін үйретуі керек. Әр ана қызына «ар-намысыңды қорғау – ұят емес» деп демеу болуы тиіс. Қыз тағдыры – ойыншық емес. Бұл – ұлттың ары, елдің еңсесі. Қыршыннан қиылған ғұмырдың обалы кімде? Арын таптанған арудың көз жасы кімге жүк? Заң бар. Енді қоғамның ары оянуы керек.

✓ МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Шаһризада МӘДІХАН,
заңгер:

Заң бар, әрекет баяу...



Соңғы уақытта қоғамда резонанс тудырған екі оқиғаны жақсы білеміз. Біріншісі – 17 жастағы қызды алып қашу дерегі. Кәмелетке толмаған қызды алып қашуға қатысқан әрбір адам заң жүзінде жауапқа тартылады. Қылмыстық кодекске 2025 жылдың қыркүйек айында жаңа бап енгізіліп, қазіргі таңда ол толық күшіне енді. Атап айтқанда, 125-1-бап – неке қиюға мәжбүрлеу. Оның 2-тармағында ауырлататын мән-жайлар көрсетілген, соның ішінде кәмелетке толмаған адамды алып қашу қылмысы үшін жауапкершілік ерекше қатаңдатылған.

Жалпы, 18 жасқа толған азаматтың өзін де неке қиюға мәжбүрлеуге ешкімнің қақысы жоқ. Себебі, бұл – әр адамның еркі мен конституциялық құқығына қайшы. Мемлекет басшысы да бұл әрекетті «жабайы қылмыс» деп атап өтті. Осы пікірмен толық келісемін. Мұндай азаматтарды міндетті түрде заң алдында жауапқа тарту қажет. Ал Шымкент қаласындағы жағдайға келсек,

тәжірибе көрсеткендей, кейбір полиция органдарының жұмысы өте баяу. Сондықтан жауапты басшылардың қызметтен кетуі – орынды шешім.

Нұрай есімді арудың жағдайына тоқталсақ, бұл іс сталкингтен басталған және құқық қорғау органдарының әрекетсіздігімен ушыққан. Сталкинг дерегі бойынша Қылмыстық кодекстің 115-1-бабымен жауапкершілік қарастырылған. Дереккөздерге сүйенсек, марқұм қыз қайтыс болмас бұрын бірнеше рет құқық қорғау органдарына шағымданған. Алайда, тиісті шара қолданылмай, соның салдарынан қайғылы жағдай орын алған. Бұл іс тек сталкинг бабымен ғана емес, Қылмыстық кодекстің 99-бабы (адам өлтіру) және өлімге жеткізу баптары бойынша да қосымша квалификациялануы мүмкін. Президент бастамасымен бұл мәселе міндетті түрде қаралады деп сенеміз. Ащы шындық – мұндай жағдайлар Қазақстанда аз емес. Бірақ бұл жолы іс қоғамда үлкен резонанс тудырғандықтан, міндетті түрде заңдық жауапкершілік болуы тиіс. Өкінішке қарай, бұған дейін де жабылып қалған талай іс бар. Сталкингке ұшырап жүрген жалғыз Нұрай емес, қаншама қыз осындай қысым көруде.

Сондықтан мұндай жағдайға тап болғанда, әлеуметтік желі арқылы мәселені жария етіп, резонанс тудыру қажет деп ойлаймын. Себебі, тәжірибеде іс баяу қозғалса, ол мүлде қаралмай қалуы мүмкін. Ал қоғам назарын аударған жағдайда ғана нақты шаралар қабылданады. Заң бар болғанымен, егер мәселе көтерілмесе, көп жағдайда елеусіз қалып қояды.

Бекзат ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ,
психолог:

Дәстүр деген желеумен қылмысты ақтауға болмайды

Қыздың рұқсатынсыз, келісімінсіз алып қашу – оның өміріне, тағдырына күшпен араласу деген сөз. Бұл адамды зат сияқты иелену психологиясының көрінісі. Мұндай жағдайда қыз өзін тұлға ретінде емес, біреудің меншігі ретінде сезінеді. Бұл – психикаға ауыр соққы. Алып қашу кезінде қыздардың көпшілігі шок жағдайын бастан кешіреді. Қорқыныш, үрей, белгісіздік, қысым – мұның бәрі психологиялық жарақатқа әкеледі.

Көп қыздар сырттай сабырлы көрінгенімен, ішінде күйзеліс, қорлану сезімі қалып қояды. Кейін бұл посттравмалық күйзеліс синдромына, депрессияға, өз-өзіне сенімсіздікке, тіпті суицидтік ойларға дейін ұласуы мүмкін. Зорлықпен басталған отбасы – бақытты болмайды. Сенімсіздік, реніш, қорқыныш үстемдік еткен отбасында шынайы махаббат қалыптаспайды. Қыз өзін ерінің жанында қауіпсіз сезінбейді. Ал қауіпсіздік жоқ жерде эмоционалдық жақындық та болмайды. Қазақ қоғамында неке әрдайым екі жақтың келісімімен, ақсақалдардың батасымен, ата-ананың ризашылығымен қиылған. Зорлықпен үйлендіру ешқашан салт болмаған. Бұл – кейін пайда болған бұрмаланған ұғым. Ал қыз алып қашуды көріп тұрып үндемей қалу – сол зорлыққа серіктес болумен тең. Қоғам бұл әрекетті ашық айыптап, заңмен де, сана-сезіммен де тоқтатуы керек.





ПРЕМЬЕРА

«Абай» ЖАҢАША САХНАЛАНДЫ

Нұрлан
СҮЙІН

«Абай» операсы сексен жылдан астам тарихы бар театрдың рухани төлқұжаты іспетті. Бұл туынды ұлттық композиторлар жазған алғашқы опералардың бірі саналады. Опера жанрының барлық талаптарына сай дүниеге келген шығармада Абайдың әндерімен қатар халық әндері мен опера авторларының төл шығармалары кеңінен пайдаланылған.

Қойылым алғаш рет 1944 жылы сахналанып, басты партияларды Қанабек пен Күләш Бәйсейітовтер, Әнуарбек Үмбетбаев, Мүслім Абдуллин секілді сахна саңлақтары орындаған. Операның либреттосы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы негізінде жазылып, мәтінін жазушының өзі әзірлеген.

Биылғы «Абай» операсының жаңа қойылымы жас режиссер Фархад Молдағалиевке сеніп тапсырылған. Режиссер классикалық туындыға өзіндік көзқараспен келуге талпынғанын атап өтті.

«Бұл менің опера жанрындағы режиссер ретіндегі алғашқы жұмысым. Оның үстіне театр маған «Абай» секілді ұлы

шығарманы табыстап отыр. Бұл жауапкершілікті бұрынғыдан да арттыра түседі», – деді қоюшы-режиссер.

Режиссердің айтуынша, қойылымдағы кейбір көріністердің орны ауыстырылған. Опера енді Абай бейнесімен басталып, Абаймен түйінделеді. Бұрынғы нұсқада оқиға желісі Айдар мен Ажардың трагедиясына негізделген еді. Сонымен қатар, спектакль шамамен қырық минутқа қысқартылған.

Премьераға режиссер-суретші ретінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері Есенгелді Тұяқов шақырылған. Ол өзіне жүктелген міндеттің бірі ретінде декорациялардың театр сахнасында да, гастрольдік сапарларда да қолайлы әрі ықшам болуы керектігін атап өтті. Сонымен қатар, безендіру жұмыстары ұлттық нақыштан айнымай, спектакльдің көркемдік мазмұнын айшықтауға тиіс. Көрермен талғамынан шығуға барынша күш салынған.

Қойылымның костюмдеріне жауапты суретші Рауан Қайруллаева да бүгінгі көрерменнің эстетикалық сұранысын ескеруге тырысқанын жеткізді.

Театрдың қоюшы-дирижері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Байбосынов премьерға және театр репертуарын жаңартуға еліміздің өзге театрларынан да жас әртістер тартылатынын айтты.

«Абай» операсы көпжылдық тарихы бар, уақыт талабына сай қайта өңделіп отырған қойылым. Соған қарамастан оның негізі мен рухани өзегі өзгермеген.

Биылғы театр маусымындағы маңызды премьералардың бірі саналатын «Абай» операсы көрерменге жол тартты. Қойылымның ғұмыры ұзақ, көрермені мол болсын!

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ҰСТАЗ

Алматылық мұғалімнің кәсіби еңбегі халықаралық білім қауымдастығы тарапынан жоғары бағаланды

Алмалы ауданының әкімі Арман Шамшин мен қалалық білім басқармасының өкілдері №95 мектеп-лицейінің мұғалімі Татьяна Белоусованы жетістігімен құттықтады. Аталған кездесудің мақсаты – ұстаз еңбегіне деген құрметті арттырумен қатар, жас ұрпақты білімге, ізденіске және кәсіби биіктерді бағындыруға ынталандыру.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Жиын барысында аудан әкімі атынан педагогке алғыс хат табысталды. Сондай-ақ, іс-шара аясында педагогикалық ұжыммен және мектеп оқушыларымен еркін форматтағы жүздесу өтті.

– Беделді халықаралық Global Teacher Prize байқауының қорытындысы бойынша әлемнің үздік 50 педагогының қатарына енген ұлағатты ұстазымыздың аудан мектебінде сабақ беруі – біз үшін зор мақтаныш. Татьяна Геннадьевнаның жастарға берері көп, – деді Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Ербол Қалдарбеков.

Аталған байқауға әлемнің 139 елінен 38000 өтінім қабылданып, көпсатылы іріктеу нәтижесінде алдымен 5000, кейін 100, соңында ең үздік 50 педагог анықталған. Сол таңдаулылардың қатарында алматы-

лық ұстаз Татьяна Геннадьевнаның болуы – үлкен мәртебе. Бұл – қазақстандық білім беру саласы үшін зор жетістік әрі отандық ұстаздардың кәсіби деңгейін халықаралық деңгейде мойындаудың айқын көрінісі. Химия пәнінің мұғалімі Татьяна Геннадьевнаның педагогикалық еңбек өтілі – 42 жыл.

– Мен қатысқан конкурс көбінесе педагогика саласындағы Нобель сыйлығы деп аталады. Өз мектебінде тамаша мұғалім болу жеткіліксіз. Ең бастысы – педагогикалық қауымдастыққа, оқушыларға, тіпті бүкіл білім беру жүйесіне, өз еліңнен тыс жерлерге де әсер ету. Мен Қазақ ұлттық университетінің Химия факультетін тәмамдағанмын. Беларусь республикасындағы М.Танк атындағы БМПУ магистратурасын бітірдім, сондай-ақ National Teacher Prize Kazakhstan 2024 байқауының жеңімпазы атандым. Әрі мектептерде оқытылатын 7–11-сыныптарға арналған химия оқулықтарының авторларының бірімін, 1999 жылдан бері ҚР Ұлттық тестілеу орталығында тапсырма құрастырушы әрі сарапшы болып келемін. Шәкірттерім республикалық және халықаралық олимпиадаларда тұрақты түрде жүлделі орындарға ие болып жүр, – деді Татьяна Белоусова.

Айта кетейік, 1–5 ақпан аралығында Дубай қаласында (БАӘ) өтетін Дүниежүзілік білім беру форумында Global Teacher Prize байқауының финалистерін марапаттау рәсімі өтеді. Жиында Татьяна Белоусова Алматы қаласының ғана емес, бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесінің атынан қатысады.





МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 95

Республика сарайында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Соғады жүрек» атты ән-жыр кеші өтті.

Концерт шымылдығын Н.Тілендиев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» халық аспаптары оркестрі ақынның «Са-рыжайлауымен» ашты.

Нұржамал
ӘЛІШ

Мұқағали – қазақтың қара өлеңін өзгеше белеске көтерген, жырларының дені әуезді әнге айналған ақын. Туындыларында Отан, ана, махаббат, өмір, тағдыр тақырыптары, бір сөзбен айтқанда қазақтың қоңыр мінезі, қарапайым болмысы, барлық құндылығы кең көрініс табады. Тілі қарапайым, ал мағынасы терең. Сондықтан барлық шығармасы әншілердің ғана емес, қарапайым тұрғындардың да аузында жүреді.

Өміршең ақынның сөзіне жазылған әндер бүгінде 300-ге жуықтаған. Ал М.Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қор төрағасы Бақытгүл Айдарова бір Мақпал Жүнісованың өзі ақынның сөзіне жазылған 50-ге таяу әнді шырқап жүргенін атап өтті осы кеште.

Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан ақын құрметіне арналған кеште Роза Рымбаева «Наурыз-думанын», Мақпал Жүнісова «Фарица», «Дариға, домбырамды берші

маған», Айжан Нұрмағамбетова «Бақыт деген», Қанат пен Айткүл Құдайбергеновтер «Құмған алған», Мәдина Сәдуақасова «Айтатын саған сырым бұл» әндерін орындады. Медеу Арынбаев, Нұрлан Албан, Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева,

Мөлдір Әуелбекова, Өмірқұл Айниязов, Ардақ Балажанова, Бейбіт Қорған сынды жұлдыздарымыз да киелі сахнаны ән-жырға бөледі. Жыр кешін дарынды студент-жастардан құрылған «Сардар» әдеби-драмалық театрының түрлі тақырыпта

ұсынған ерекше композициялары да әрлей түсті.

Кеш соңында өнерпаздарға Алматы қаласы әкімдігі атынан ықылас гүлі табысталды. Ал ақынның ұлы Жұлдыз Мұқағалиұлы әнсіуір әлеуметке алғысын білдірді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«SAMRUK» заманауи би труппасы – халықаралық аренада Қазақстанның даңқын шығарып жүрген кәсіби ұжым. Би ұжымының ерекшелігі – оның даралығында. Өйткені, ол өнер әлемінде өзіндік қолтаңбасымен ерекше, заманауи би ұжымы. Тағы бір ерекшелігі – оның концертті қай қалада болсын үлкен аншлаппен өтеді.

САМҒАЙ БЕР, «SAMRUK»

Рая
ЕСКЕНДІР

Өткен жылы әлемнің ең үздіктері бақ сынасқан «International Maskdance Festival – 2025» байқауында Бас жүлдені иеленген ұжым енді жаңа премьералық қойылымын Алматы көрермендерінің назарына ұсынып отыр. Республика сарайына жиналған қалың көрермен «Samruk» заманауи би труппасының «Қозғалыс сиқыры» – «Магия движения» атты жеке шығармашылық кешін тамашалады. Би арқылы өмірді бейнелейтін бұл құдіретті түсіну үшін алдымен көз, сосын түйсік керек. Өйткені, өмірді тек би тілімен, яғни қозғалыс арқылы түсіну, түйсіну оңай емес. Айтулы ұжымның көрермендерге ұсынған бағдарламаларының дені – бұған дейін әлемнің жетекші сахналарында орындалған шығармалар болса, «Көбелек» қойылымы Қазақстанда алғаш рет көрсетіліп отыр.

Кеш «Басты рөлде» қойылымымен басталып, «Сирень желі», «Махаббат тынысы», «Күннен-күнге» нөмірлерімен жалғасты.

Ішкі еркіндік, қорқыныш пен адалдық тақырыптарын ашатын басқа да хореографиялық миниатюралар көрерменнің қошеметіне бөленді. Кештің музыкалық палитрасы да ерекше. Қойылымда классикалық шығармалар, сондай-ақ, қазақстандық композиторлардың музыкасы пайдаланылды. Би ұжымы күрделі жанрдағы хореографиялық қойылымды басқа қырынан орындап, қозғалыс арқылы адам жанының ішкі қақтығыстары мен философиялық ой-толғамдарын заманауи би тілі арқылы түсіндірді.

– Біздің ұжым 25 жылдан бері «Алматы әуендері» бірлестігінің құрамында еңбек етіп келеді. «Samruk» қазіргі заманғы би театры. Ол тек қана қазіргі заманғы хореографияға маманданған және Қазақстандағы осындай бейіндегі жалғыз ұжым. Спектакль көрсетілім ғана емес, көрермендермен шынайы сұхбат, әртістермен бірге биді сезінуге және өмір сүруге шақырады, – дейді «Samruk» би труппасының бас балетмейстері әрі көркемдік жетекшісі Гүлнара Адамова.

ӨНЕР ОРДАСЫ ЖАҢАРДЫ Қастеев музейі қайта ашылды

Былтыр ғана өзінің 90 жылдығын атап өткен Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейі ұзақ жылдан соң ғана күрделі жөндеуге жабылған еді. Жақында жөндеу жұмысы сәтімен аяқталып, есігін қайта ашты.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Жалпы, бірнеше бағытта жүрген жөндеу жұмысы барысында сәулеттік нысанның шатыры мен ішкі бөлмелері толық жаңартылып, едені ауыстырылды. Музейдегі инженерлік желі, оның ішінде климатты бақылау жүйесі қайтадан орнатылды. Сонымен қатар, залдары жаңа түске боялды. Мамандардың айтуынша, мұндай шешім экспонатты жаңаша қырынан қабылдауға мүмкіндік беретін көрінеді.

Сонау 1976 жылы қабырғасы қаланған бұл нысанда кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнерге жататын 26 мыңнан астам туынды бар. Қазақ өнерінің алтын қорына енген түпнұсқа шығармалар шетелдік қонақтарды да қатты қызықтырады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлайым МҰСАБЕКОВА,
Ә.Қастеев атындағы
Ұлттық өнер музейінің
директоры:

Күрделі жөндеуден соң, музей ғимараты жап-жаңа күйге енді. Көптеген жұмыс жасалды. Мәселен, 72 кіші пирамида өңделіп қайтадан ауыстырылса, гидроизоляция ТПО мембранасы орнатылды. Сосын, жаңбырдан кейінгі су жиналып қалатын еді. Бұл мәселе де шешіліп, суды кәрізге ағызатын арнайы қондырғы орнатылды. Есіктерге реставрация жасалып, климаттық жүйені бақылайтын заманауи шу шығармайтын чиллер орнатылды.



«БАЛАЛАРҒА КҮЛКІ СЫЙЛА»

қайырымдылық акциясы өтті

Халқымызда «Қайырымдылық жасау – жүректен» деген тағылымды сөз бар. Бұл тәмсіл игі іс жасап, айналасына шапағатын тигізіп жүрген жандарға қарата айтылса керек. Ата-бабаларымыз да «бала қуанса, пейіштің жеті есігі ашылады» деп, қайырымдылық пен жанашырлықты елдік қасиет, ұлт болмысының ажырамас бөлігі ретінде бағалаған. Демек, өзгеге қолұшын созу, мұқтажға демеу болу – қанымызға сіңген асыл қасиет.

Бүгінде осынау сауапты істі Алматы қаласындағы Ораз Жандосов атындағы №105 гимназия ұжымы тұрақты үрдіске айналдырып отыр. Аталмыш білім ордасында жыл сайын қаңтар айының 12 мен 29 күндері аралығында «Балаларға күлкі сыйла» атты қайырымдылық акциясы өткізіледі. Игі бастамаға оқушылармен қатар олардың ата-аналары да белсенді түрде атсалысады.

Акция аясында жиналған азық-түлік өнімдері, жеке бас гигиенасына арналған құралдар, кеңсе тауарлары мен ойыншықтар арнайы көлікпен бірқатар әлеуметтік мекемелерге жеткізілді. Атап айтқанда, Бағанашыл ықшамауданындағы №1 балалар үйіне, «Жан-ұя» мамандандырылған кешеніне, Ардагерлер үйіне, АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың Қазақстандық одағына

және Қызыл Жарты Ай қоғамына көмек көрсетілді. Әр мекеменің сұранысына сәйкес 200-ден астам түрлі зат жөнелтілді. Олардың қатарында ойыншықтар, балаларға арналған тәттілер, кітаптар, тіпті музыкалық аспаптар да бар. Сонымен бірге, күріш, ұн, қант, макарон өнімдері мен түрлі консервілер жиналды. Балалар үйінің өтініші бойынша жуу құралдары, сусабындар, шашқа арналған күтім бұйымдары да жолданды. Айта кетерлігі, акция барысында қаржылай емес, тек заттай көмек көрсетілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бастапқыда бір ғана балалар үйіне бағытталған бұл бастама уақыт өте келе өзге де мекемелердің өтініштерін қамтып, ауқымды қайырымдылық акциясына айналған.

«Бұл акция 2013 жылдан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Жыл сайын біз балаларға тек қажетті заттарды ғана емес, ең бастысы, өзіміздің қамқорлығымызды, назарымызды және жан жылуымызды сыйлауға тырысамыз. Әрбір сынып оқушысы осы игі іске өз үлесін қосып, мұқтаж жандарға қуаныш сыйлауға атсалысады. Биылғы іс-шараға мектебіміздің екі мыңнан астам оқушысы мен ата-анасы, сондай-ақ жүзден астам ұстаз қатысты. Бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгі әрбір оқушы

өзіне қымбат ойыншықтарын, кітаптарын, сүйікті тағамдарын және басқа да пайдалы заттарын бөлісті. Біздің мақсатымыз – мұқтаж жандарға аз да болса үміт пен қуаныш сыйлау», – дейді Ораз Жандосов атындағы №105 гимназияның директоры Гүлжан Досаева.



Дарынды оқушылар ғылымға бет бұрды

Алматыдағы жетекші лицейлердің дарынды оқушылары мен университет қалындарының қатысуымен «Ғылыммен ұштасқан білім» атты ғылыми конференция өтті. Бұл іс-шара магистр дәрежесі бар педагогтердің онкүндігі аясында ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында жас зерттеушілер өздерінің ғылыми жобаларын қоғам назарына ұсынды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларды ғылыми ізденіс жолына бағыттау болғандықтан, жас ғалымдар мен тәжірибелі профессорлар арасында ерекше байланыс орнағаны да бірден байқалды. Бұл ретте жас зерттеушілердің жобаларының барлығы ғылыми ізденіс пен практикалық қолданым арасындағы байланысты көрсетті. Бір қуанарлығы, келешекте бұл жұмыстардың дені энергия, экология және химия саласындағы нақты мәселелерді шешуге үлес қосады.

Сондай-ақ, жасанды интеллект пен IT технологияларын, «ғылымның патшасы» атанған математика, физика пәндері мен тіл үйрену әдістерін жетілдіреді. Дарынды оқушылардың тағы бір тобы Қазақстан тарихы мен мәдени мұрасын зерттеп, өз қызығушылықтарын байқатты. Осылайша конференция оқушылар мен профессорлар арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. Жас ғалымдар өз жобалары арқылы ғылымға алғашқы қадамдарын жасап, зерттеу дағдыларын шыңдады. «Ғылыммен ұштасқан білім» іс-шарасы

дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудің ғылыми негіздерін қалыптастыруға бағытталып, Алматының білім беру саласындағы инновациялық тәжірибелерді көрсетуге жол ашты.

Сонымен қатар, жас зерттеушілердің шығармашылық потенциалын дамытудағы жаңа мүмкіндіктерді көрсетті. Әсіресе, конференцияның маңызды бөлігі университет ғалымдарының кеңесі болды. Бұл күні биохимия, молекулалық генетика және биотехнология саласындағы академик Амангелді Бисенбаев жас зерттеушілерге ғылыми жобаларды жүйелі түрде жүргізуді және тәжірибелік дағдыларды меңгеруді үйретсе, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» Майра Рабатқызы жас оқушыларға педагогикалық тәжірибенің маңыздылығын көрсетті.

Сонымен қатар, PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Физика-техникалық факультетінің профессор-зерттеушісі Гаухар Қалижанқызы жаңа материалдар мен нанотехнологиялар саласындағы тәжірибесін бөлісті. Оқушыларға ғылыми жобаларды нақты практикалық қолдану перспективаларын көрсетті.

ЦИФРЛЫ МҮМКІНДІК

баланың ерте дамуына жол ашады

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту жылы» деп жариялағаны белгілі. Бұған қоса, цифрлық трансформация Алматы қаласының басым бағытын қамтиды. Сондықтан қазір қаланың барлық саласында цифрлық технологиялар белсенді дамып келеді. Әсіресе, бұл жаңашылдық білім беру жүйесінде кеңінен белең алып, жасанды интеллект элементтерін қолдану жаңа мүмкіндіктерге жол аша бастады.

Алматыдағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары да жаңаны жатсынбай өздерінің үрдістен шет қалмайтындықтарын танытып жатыр. Бұл қадам оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдістерді пайдалану арқылы балалардың ерте жасынан цифрлық мәдениетін қалыптастыруын көздесе, басқа да пайдалы тұстары жетерлік. Қаламыздың Бостандық ауданындағы №90 бөбекжай-балабақша ұжымы өздерінің озық тәжірибесін таныту мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда жасанды интеллектті қолдану» деп аталатын кең көлемді жиын ұйымдастырды.

Алғашқы сөз кезегін алған №90 бөбекжай-балабақша басшысы Г.Жайлаубаева мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, логикалық және танымдық дамуын арттыратынына тоқталды.

Одан кейін педагог-психолог А.Тұрсын қатысушыларға арнап қысқаша психологиялық тренинг өткізді. Тренинг педагогтердің кәсіби сергектігін арттыруға



және бірлескен жұмысқа бейімдеуге бағытталды. Ашық сабақтар барысында ұлттық мазмұндағы оқу-тәрбие жұмыстары мен жасанды интеллект элементтерін қолдану тәжірибесі таныстырылды. Сабақтарда ұлттық ойындар, салт-дәстүр элементтері, тіл дамыту бағытындағы тапсырмалар заманауи цифрлық құралдармен үйлестіріліп ұсынылды. Семинар барысында жасанды интеллектті мектепке дейінгі тәрбиеде қолданудың әдістемелік қырлары талқыланды. Мамандардың айтуынша, жасанды интеллект педагогтың негізгі қызметін алмастырмайды, керісінше, оқу-тәрбие процесін қолдайтын қосымша құрал ретінде пайдаланылады. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика ғылымының докторы, профессор Р.Бекмағанбетова жасанды интеллект ба-

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлімжан ЖАЙЛАУБАЕВА,
№90 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

Мектепке дейінгі ұйымдарда жасанды интеллект элементтерін қолдану – заманауи білім беру үрдісінің маңызды бағыты. Ол балалардың жас ерекшелігіне сай танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыта отырып, цифрлық қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Балабақшаларда жасанды интеллект педагогикалық процестің тиімділігін арттырып қана қоймай, тәрбиеші мен баланың өзара іс-қимылын жаңа деңгейге көтереді.

Жасанды интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің адамның ойлау, үйрену және шешім қабылдау қабілеттерін модельдеу процесі. Яғни ол адамның танымдық әрекеттерін ақпаратты түрде талдап, қорытынды шығара алады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттері ойын арқылы дамиды. Сол себепті, ЖИ элементтері көбінесе ойын, мультимедиялық және интерактивті технологиялармен біріктіріліп қолданылады.

лалардың танымдық қызығушылығын арттыруға, көрнекілікті жақсартуға, оқу материалын қабылдауды жеңілдетуге ықпал ететінін атап өтті.

Жиын аясында балабақшада жүзеге асырылып жатқан «Әкелер мектебі» жобасының жұмысы да таныстырылды. Аталған жоба отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланысты нығайтуға бағытталған. Жоба барысында әкелердің тәрбие процесіне қатысуы, ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Қатысушылар бұл тәжірибені отбасылық тәрбие мен балабақша жұмысын үйлестірудің тиімді тетігі ретінде атап өтті.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ӘЛЕУМЕТ

СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

Бұл арнайы сабақ қана емес,
баланың күнделікті өмірінің бір бөлігі

Жасыратыны жоқ, қазір ЗПР, аутизм деген диагноз қойылған бала көбейді. Басым көпшілігі сөйлемейді, ортаға қосылуы да қиын. Отбасыға да оңай емес. Тіпті, көшеде, аулада, қоғамдық көлікте болсын, ерекше балаға тесіле қарайтынымыз да жасырын емес. Мемлекет сондай өрендердің қатарға қосылып кетуі үшін әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарын жиі ашуда.

Солардың бірі – Алматыдағы Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығы. Бүгінде жаңа туған бөбектен бастап 3 жасқа дейінгі балдырғанның дамуын қадағалайтын мекеме. Қазіргі күні орталықтың қызметін 30 бала алып жүр.

Бүгінде мамандардың көбі баланың сау дамуының негізі – оның сезім мүшелерінің, яғни көру, есту, ұстап, сипау, иісін білу және дәм сезу жұмысы екенін айтады. Дәл осы сезімдер арқылы бала қоршаған әлемді танып, қозғалысқа үйренеді, сөйлей бастайды және өзінде не болып жатқанын түсінеді.

Ең маңыздысы – бұл үдеріс өмірдің алғашқы күндерінен-ақ басталады. Сондықтан орталық мамандары ең алдымен сенсорлық интеграция сабақтарына мән береді. Сенсорлық жүйелер үйлесімді жұмыс істегенде, балаға ойнау, үйрену, көңіл бөлу және айналасындағылармен әрекеттесу жеңілрек болады. Ал ми әртүрлі сезім мүшелерінен келетін сигналдарды «біріктіруде» қиналса, бірқатар қиындық пайда болуы мүмкін: жоғары сезімталдық, тез қорқып қалу,

епсіздік, назар қоюдағы қиындықтар немесе тітіркенгіштік.

Сенсорлық интеграция кішкентайлар үшін өте маңызды. Бала өз денесінен және сыртқы ортадан келетін сигналдарды дұрыс қабылдағанда, сабырлылау, өзіне сенімдірек болады, әдеттегіден жақсырақ ұйықтайды, жаңа дағдыларды жеңілрек меңгереді және ойынға тезірек қосылады дейді мамандар.

Егер сенсорлық интеграцияда қиындықтар болса, мына белгілер байқалуы мүмкін. Балаға назарын ұстап тұру қиын, тез шаршайды немесе бір әрекеттен екіншісіне секіріп кетеді. Жаңа нәрселерді есте сақтауы қиындайды. Қимылы епсіз көрінеді, жиі құлайды немесе сүрінеді. Шамадан тыс белсенді немесе керісінше тым тұйық болуы мүмкін. Жарыққа, қатты дыбыстарға немесе кейбір материалдардың текстурасына ашулануы, тітіркенуі мүмкін.

Сенсорлық интеграция – бұл арнайы сабақтар ғана емес, баланың күнделікті өмірінің бір бөлігі. Бала күн сайын тәжірибе алған сайын, өзін және әлемді жақсырақ түсінеді. Сезімдер үйлесімді жұмыс істегенде, бала сенімді, сабырлы, қызығушылығы жоғары болып өседі және жаңалықтарға әрдайым дайын болады. Мәселен, үйдегі жастықтардан немесе көрпелерден туннель құрып, баланы соны зерттеуге шақырыңыз. Бұл кеңістікті бағдарлау мен ірі моториканы дамытады. Серуен кезінде немесе алаңда допты лақтырып, домалатып немесе футбол ойнаңыз. Бұл қозғалыс координациясын және дененің кеңістікте сезінуді (проприоцепция) жақсартады. Мұның бәрі баланың дамуына оң әсер етері сөзсіз.



✓ МАМАН МІНБЕРІ

Темірхан АРЫСТАНБЕКОВ,
Ерте араласудың әлеуметтік қызметтер орталығының психологы:

БҮЛДІРШІН ӘЛЕМДІ СЕЗУ АРҚЫЛЫ ТАНИДЫ

Балалар әлемді сезім арқылы таниды. Алдымен ми ақпаратты естиді, көреді немесе сезінеді, содан кейін ғана оны есте сақтай алады. Сондықтан кез келген сенсорлық ойындар: ойыншықтарды түске қарай сұрыптау, музыка тыңдау, ертегі оқу, түрлі фактураларды ұстау тек сезім мүшелерін ғана емес, назарды, есте сақтауды және ойлауды да дамытады. Біз балаларға сенсорлық ойындар мен жаттығуларды қатар пайдаланамыз. Мұндай ойындарды үйде де, күнделікті өмірге оңай енгізуге болады, әрі олар пайдалы ғана емес, қызықты уақыт өткізуге де себеп болады. Балаға әртүрлі пішіндер, мүсіндер немесе шағын «оқиғалар» жасауға мүмкіндік беріңіз. Бұл ұсақ моториканы және тактильдік сезімді дамытады. Тіпті, ас дайындау кезінде де балаңызды қосыңыз: қамыр илеу, көкөністер мен жемістерді ұстау, тағамның иісін сезу – бәрі де маңызды сенсорлық тәжірибелер.

Ваннадағы су немесе даладағы құм да сезімталдықты және қозғалыс координациясын дамытады. Ас дайындау кезінде балаға су құю, бір ыдыстан екіншісіне құю сияқты әрекеттерді сеніп тапсыруға болады. Сондай-ақ, балаға сәл ауырлау заттарды ұстатып көріңіз: ойыншық салынған пакетті өзі алып жүру, шағын рюкзакты көтеру. Бұл дененің сезінуін арттырады және қозу деңгейін реттеуге көмектеседі. Ең бастысы – шаршамау керек.

«САЛАМАТТЫ МЕКТЕП»



ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ ДА – МӘДЕНИЕТ

Алматының №78 мектеп-гимназиясында Білім басқармасына қарасты Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының қолдауымен «Саламатты мектеп» ұлттық жобасы аясында семинар өтті.

Мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына арналған «Салауатты тамақтану мектебі» авторларының кәсіби тәжірибесін тарату, дұрыс тамақтану бойынша оқу-тәрбие үдерісіне тиімді әдістерді ұтымды енгізу, педагогтердің өзара тәжірибе алмасу алаңын құру.

Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының бөлім жетекшісі, «Саламатты мектеп» жобасының үйлестірушісі Татьяна Владимировна Балалардың денсаулығына алаңдаушылықтан туындаған дұрыс тамақтану жобасымен жан-жақты таныстырды. Ал №78 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімдері Гүлмира Розыбакиева, Алла Хандогина және аталған орталықтың бөлім жетекшісі Зульфира

Бибалинова бірлесіп, 1–4-сынып оқушыларына арналған «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасын әзірледі.

«Бүгінде «Дұрыс тамақтану мектебі» бағдарламасына Алматының барлық мектебі толық қатысып келеді. Айтулы жоба шеңберінде жыл сайын педагогтерге арналған қалалық, өңірлік, республикалық әдістемелер байқаулары ұйымдастырылады. Атап айтсақ, өткен жылы осы №78 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Саида Магамедова Республикалық үздік әдістемелер байқауының жеңімпазы атанды. Жалпы, «Дұрыс тамақтану мектебіне» қызығушылық танытқан педагог, ата-ана, оқушы үшін барлық ресурс қолжетімді, әдістемелік оқу құралдары мен жұмыс дәптерлері ғаламторға жүктелген. Әрине, мұның бәрі бағдарлама авторларының үздіксіз ізденісі мен табандылықпен атқарған еңбектерінің нәтижесі», – дейді Т.Владимировна.

Семинарда бастауыш сынып оқушыларының көкөніс пен жеміс болып киініп әзірлеген сахналық көрсетілімі салауатты тамақтану мектебі – денсаулық күтімінің негізі екенін айшықтай түсті.

БРИФИНГ

БАЛАҢЫЗДЫҢ ОЙЫНШЫҒЫ САПАЛЫ МА?

Бала ойыншығының қауіпсіздігіне қандай талап қойылады? Бұл сауалға Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова жауап берді.

«Қауіпсіз ойыншық – ең алдымен дұрыс таңбаланған өнім. Таңбалауда өндіруші туралы ақпарат, шыққан елі, ойын баласының жасы, қолданылған материалдар мен жасалған күні анық көрсетілуі тиіс. Бұл деректердің көрсетілуі – заңбұзушылық», – дейді Гаухар Қаткенова.

Быттыр Алматы қаласында 108 ойыншық үлгісі сатып алынып, зертханалық тексеруге жіберіліп, бұл өнімдердің 53,7% -ы таңбалау талаптарына сәйкес келмегені анықталған.

Спикердің айтуынша, үш жасқа дейінгі балаға арналған ойыншықтарға қосымша шектеулер қойылған.

«Табиғи теріні, әйнекті, фарфорды, түкті резеңкені, ылғалды жерде

5%-дан артық ұлғаятын толтырғышты қолдануға болмайды. Ойыншықтардың қыры өткір, ұсақ бөлшектері мен бөгде иісі болмауы тиіс», – дейді ол.

Департаментте профилактикалық бақылау тек қана көшпелі тексерулер арқылы емес, сонымен қатар ақпараттық жүйелер деректерін талдау мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын өнімдердің жарнамасын бақылап отыру арқылы да жүргізілетінін атап өтті.

Заңсыздық анықталған жағдайда кәсіпкерлер оларды жоюға міндетті. Талапты орындамаған жағдайда нысан тексеру жүргізілетін профилактикалық бақылау тізіміне енгізіледі, заң бұзушылық қайталанар болса, ісі сотқа өтеді.

АТА-АНА ОЙЫНШЫҚ САТЫП АЛАРДА:

- Тауардың таңбалуын мұқият зерделеу;
- Өндіруші, шыққан жері мен баланың жасы туралы ақпараттың болуын тексеру;
- Ойыншықтың материалына, иісіне, бояудың оңып кетпейтініне зер салу;
- Растайтын құжаты жоқ ойыншықты сатып алмау;
- Ақпараты мемлекеттік және орыс тілінде көрсетілген өнімді таңдау дұрыс деп есептейді мамандар.



Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

№375 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Бегенбай батыр көшесі, 42, Алматы қаласы білім басқармасының “№29 жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақбозат көшесі: 1А, 3/1, 4А, 4Б, 4Б, 4, 6, 7, 8А, 8Б, 8, 10, 11, 16, 24, 26/23 үйі; Сарсен Аманжолов көшесі: 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/28, 16, 17/15, 18, 19, 20/30, 21А, 21, 22/19, 23Б, 23Б, 23, 24, 25, 28, 30, 32 үй; Бегалин көшесі: 19, 21, 23, 23/1, 25А, 25, 29, 33, 35, 37/34, 39/23, 41, 43А, 43, 44, 45, 46А, 46, 48, 50, 52А, 52, 54, 56А, 56, 60, 62, 64, 66А, 66, 68, 70, 74 үй; Бегенбай батыр көшесі: 2А, 2, 4, 6, 8, 10А, 10, 12А, 12, 12/1, 16, 18А, 18Б, 18, 22/1 корпус 1, 22/1, 24, 26корпус 1, 26, 28А, 28, 30, 32/1, 34, 36Б, 36, 38, 40, 42А, 42, 50, 52, 54А, 56/17, 58/2, 60/1, 64/1, 66, 68А, 68Б, 68, 70, 72 үй; Бутаковская көшесі: 19А, 20А, 20, 22, 23, 27, 29, 33А, 33Б, 33Б, 33, 37, 39, 41, 43 үй; Водная көшесі: 2/20, 3, 4А, 4, 5, 6, 7, 8А, 8, 10, 11, 12А, 12Б корпус 1, 12Б, 12, 13 корпус 1, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/23, 26, 27, 29, 31 үй; Жуковский түйік көшесі: 3 үй; Жуковский көшесі: 2/5, 3 корпус 1, 3, 4, 5А, 5, 7, 9, 10, 13Б, 13, 14А, 14, 17/13 үй; Зверев көшесі: 2А, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 12/4, 13, 14, 15/20, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 30, 32, 32/2, 34А, 34 үй; Кабанбай батыр көшесі: 1/33, 1, 3, 5/37, 7, 9, 11/16, 15, 17/76, 19/49, 19/49 корпус 1, 21А, 21, 25, 27/34, 29, 31, 33А, 35, 37А, 37, 39, 41/27, 43, 45 корпус 1, 45, 47А, 47Б, 47С, 47Д, 47Е, 47, 49, 49/1, 51/78, 51/1 үй; Қазақстан көшесі: 3, 4, 5, 8, 10, 12, 14, 16 үй; Қалдықов көшесі: 76 үй; Қармысов көшесі: 26, 28, 30, 32/6, 32/2, 36, 38, 40/2, 42, 44, 46 үй; Қастеев көшесі: 14/40, 15, 16А, 16, 17, 18А, 18, 19, 20, 22, 22/1, 23А/12, 23, 25А, 25/9, 27, 29, 30, 31, 32/14, 33, 34 корпус 1, 34, 35А, 36, 38А/19, 38, 40, 42, 44А, 44 үй; Киров түйіңгесі: 2, 4А, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 21, 23, 25, 27, 29, 31 үй; Кошевой көшесі: 2, 3, 4А, 5/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12А, 12/22, 12, 14, 15, 15/18, 16, 17/13, 18,20, 21 үй; Шевцова көшесі: 4, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 16, 18, 26, 32,8 үй.

№376 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Бегалина көшесі, 82, Алматы қаласы Білім басқармасының мамандандырылған «Жануя» кешені коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Сарсен Аманжолов көшесі: 29, 31А, 31, 33, 36А, 37, 38, 39А, 40, 41, 42А, 42, 43/10, 44, 45/19, 46, 47, 48, 49, 50, 51А, 51, 52А, 52, 56, 58 үйлер; Байтасов көшесі: 2А, 4А/15, 4, 4/168, 10, 10/2, 14, 18 үйлер; Бегалин көшесі: 51/13, 55, 57, 59, 65, 67, 69А, 69, 71, 73А, 73, 75, 77, 79, 81, 82, 83, 85А, 85 корпус 1, 85, 86/1, 87, 88/2, 88, 89, 90/1, 91, 92, 94, 95, 96, 98, 100, 102, 103, 104, 105, 106/2, 107, 108А, 108, 109, 110, 111, 112 корпус 1, 112, 113 корпус 1, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119/11, 120А, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134А, 136, 138, 140А, 140, 142, 144, 146, 146/3, 148, 148/1, 148/10, 148/12, 148/13, 148/3, 148/4, 148/5, 148/6, 148/7, 148/8, 148/9, 150, 152/14 үйлер; Бекхожин көшесі: 1, 2А, 4А, 4, 6Б, 6Б, 6Д, 6, 8, 10, 11А корпус 1, 11А, 11/99, 14/46, 15А, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21А корпус 1, 21А, 21, 22, 23, 24, 25А, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 44А, 46, 48, 50/86, 52, 56/16, 58, 97/42 үйлер; Ватулин түйығы: 2А, 6, 8, 10, 14, 16 үйлер; Ватулин көшесі: 3, 4, 5А, 5Б, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 4/9, 13, 5, 16, 17/2, 19, 20, 22, 24 үйлер; Воронихин көшесі: 4, 5, 6, 5/5, 8А, 8, 9, 11, 13, 15, 17 үйлер; Доватор көшесі: 3, 4, 5А, 5Б, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14 корпус 1, 14, 15/4 үйлер; Жорғатай көшесі: 4, 5, 6, 6А, 6, 7, 8, 9, 10 үйлер; Зверев көшесі: 31А, 31, 35, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 48/1, 49А, 50/2, 51, 52/1, 53, 54, 56, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 64/1, 65, 67 үйлер; Кабанбай батыр көшесі: 2А, 2, 4/39, 8, 10А, 10, 12, 14/78, 20/36, 24, 26, 28А, 28, 30, 32, 34А, 34, 36/38, 38/29, 40, 42, 48, 16, 48, 54, 56 үйлер; Қазақстан көшесі: 11/44, 13, 15, 17, 19А, 21, 22, 26, 28, 30, 34 үйлер; Қармысов көшесі: 54, 56А, 56Б, 56, 58А, 58Б, 58, 60, 66А, 66, 68, 70, 72, 76, 76/2, 82/3, 84Б, 84, 84/1, 84/2 корпус 1, 84/2 корпус 2, 84/2 корпус 3, 84/2 корпус 4, 84/2, 84/3, 88, 90, 94А, 94, 96/2 үйлер; Қастеев көшесі: 39А, 41А, 41, 45, 47А, 47, 48/26, 48/2, 50А, 50, 51А, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 66А, 66, 68/14, 70/9, 72, 74, 76, 78, 82, 84, 92, 94/2, 96/1, 98, 98/1, 100, 102, 104/13, 106А, 106Б, 106Б, 106, 108А, 108Б, 108 үйлер; Қосалқа көшесі: 3, 4, 6, 7/66, 8/55, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16А, 16, 17, 18, 19, 19/2, 20, 21, 22А, 22/53, 23, 25, 27 үйлер; Қошукнов көшесі: 1, 2, 3А, 5А, 6А, 6, 7, 10, 11А, 12, 14, 15, 17/1, 18, 19, 20, 22, 24, 26 үйлер; Курманғали көшесі: 2/50, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 12А, 12, 14, 15, 16 корпус 1, 16, 17А, 18, 19А, 19, 20, 21, 22, 23, 24 корпус 1, 24, 25, 26, 27, 28А, 28, 30, 31, 32, 33, 34А, 34, 35/12, 36/2, 38/1, 40, 44 үйлер; Лазо көшесі: 3, 4, 5, 5/1, 6, 7/35, 8, 12А, 12, 14, 16А, 16Б, 16, 18 үйлер; Перов көшесі: 2/9А, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10А, 10, 11, 13, 15, 16 үйлер; Снайперский түйығы:1/3, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14 үйлер; Чернышков көшесі: 3, 5, 11, 13А, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 үйлер.

№377 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 124, Алматы қаласы білім басқармасының “Оқушылар сарайы” мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Байтасов көшесі: 1А, 3, 5, 7, 9А, 9Б, 9Б, 9Г, 9Б, 9Ж, 9П, 9Р, 9С, 40, 49, 9/1, 9/5, 11, 15А, 15, 17, 19, 27, 33, 37, 41, 43, 45А, 45, 47, 49, 9/1, 53 үйлер; Бегалин көшесі: 125/19, 127, 129/12, 131, 133/10, 135/9, 135, 137А, 137, 139, 141/16, 154/13, 156А, 156Б, 156Б, 156, 156/1, 158, 160А, 160, 162/18 үйлер; Горновосточная көшесі: 2, 4, 6, 7, 8, 10/16, 14А, 14, 16, 16, 26 корпус 1, 26, 28, 30, 34 үйлер; Горный түйығы: 5, 7/1, 7, 11 үйлер; Дачный түйығы: 1/4, 2, 3, 4, 5, 6, 7А, 7, 8А, 8, 9, 10, 13А, 15, 17А, 17, 18/1, 19, 25, 27, 27/29, 31, 33, 34 үйлер; Державин көшесі: 1Б үй; Достық даңғылы: 100, 110, 112, 114, 116, 118, 128, 131/1, 132, 138, 150, 154/2, 156, 160, 162А, 162 үйлер; Инженерная көшесі: 10/7, 12А, 13, 16А, 16, 17, 20, 24, 26/29, 26 үйлер; Коккинань түйығы: 2, 3, 5, 6, 7, 8 үйлер; Коккинань көшесі: 6, 8, 14, 22, 24, 26, 28, 30/21, 31, 33, 35А, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 51 корпус 1, 51 үйлер; Луганский көшесі: 1, 2/1, 3, 4, 5, 6А, 7, 8, 9А, 9, 11А, 12, 14, 16, 18, 19, 21А, 21Б, 22, 23, 25А, 25Б, 25, 26, 27, 28/2, 29А, 29Б, 29Г, 29, 33, 35, 37А, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59А, 59, 61, 63, 65, 67 үйлер; Нытонов көшесі: 6А үй.

№378 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 8, “Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті” коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Абай даңғылы: 4, 8А, 8, 8-8Г үйлер; Достық даңғылы: 87А, 89А, 89Б, 89 үй; Самал-1 шағынауданы: 1; Назарбаев даңғылы: 17АА, 17Б, 220/3 үйлер; Сатбаев көшесі: 2, 4А, 6А, 6Б, 6, 8Г/7, 8, 10Б, 10, 12 үй.

№379 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Самал-2 шағынауданы, 22, Алматы қаласы білім басқармасының “Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицей” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Достық даңғылы: 89/1, 89/2 үйлер; Самал-1 шағынауданы: 2, 3, 4, 5, 6, 9/2, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 94, 96 үйлер; Самал-2 шағынауданы: 2Б, 88А, 89, 90 үйлер.

№380 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Көктебе шағынауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 69, Алматы қаласы білім басқармасының “Қасым Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназия” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

